

**Еркін өзгермелі айырбастау бағамы режиміне өтуге байланысты  
жеке тұлғалардың ұлттық валютада (теңгеде) ашылған депозиттері  
бойынша өтемақы төлеу тәртібі**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Еркін өзгермелі айырбастау бағамының режиміне өтуге байланысты жеке тұлғалардың ұлттық валютада (теңгеде) ашылған депозиттері бойынша өтемақы төлеу тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы, «Ақша төлемі мен аударымы туралы» 1998 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және еркін өзгермелі айырбастау бағамының режиміне өтуге байланысты жеке тұлғалардың ұлттық валютада (теңгеде) ашылған депозиттері бойынша өтемақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібін реттейді.

2. Осы Тәртіптің мақсаты үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) арнайы шот – депозит бойынша сома қалдығы тұрған және осы Тәртіпке сәйкес өтемақы төлемі жүзеге асырылатын жеке тұлғаның жинақ шоты;

2) банк – екінші деңгейдегі банк (тұрғын үй құрылыс жинақ банкін қоспағанда), Ұлттық почта операторы;

3) депозит – 2015 жылғы 18 тамыздағы операциялық күн соңындағы жағдай бойынша қолданыстағы, екінші деңгейдегі банктерде, Ұлттық почта операторында ұлттық валютамен ашылған, оның ішінде мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде ашылған банктік мерзімді салым. Осы Тәртіп міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету мақсатында ашылған депозиттерге қолданылмайды;

4) депозитті қайта ресімдеу – жеке тұлғаның банкке өтініш беруі және (немесе) жаңа депозит шартын не осы Тәртіпте көзделген арнайы шотқа өтемақы төлеу талаптары қамтылатын, депозит ашуға негіз болған шартқа қосымша келісімді жасау;

5) өтемақы – осы Тәртіпте көзделген тәртіппен және талаптармен жеке тұлғаға төлем;

6) тізілім – 2016 жылғы 30 қыркүйектегі операциялық күн соңындағы жағдай бойынша арнайы шоттардағы жеке тұлғалар салымдарының тізілімі.

3. Жеке тұлғаның 2015 жылғы 18 тамыздағы операциялық күн соңында банк шотындағы қалдығы бір миллион теңгеден аспайтын депозиті болса

өтемақы төленеді (елу тиыннан кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал елу тиынға тең және одан жоғары сома бір теңгеге дейін дөңгелектенеді).

Бұл ретте егер 2015 жылғы 18 тамыздан бастап депозитті қайта ресімдеу күніне дейінгі кезеңде депозит бойынша ақшаны алу (есептен шығару) және (немесе) салу (есепке жазу) жүзеге асырылған жағдайда, сондай-ақ депозит жабылған жағдайда, өтемақы төлеу қайта ресімделген депозит сомасына, бірақ 2015 жылғы 18 тамыздағы операциялық күн соңындағы жағдай бойынша депозит сомасының қалдығынан көп емес сомаға жүзеге асырылады.

Өтемақы төлемі жүзеге асырылатын депозит бойынша сома қалдығын айқындау мысалдары осы Тәртіптің 1-қосымшасында көрсетілген.

4. Өтемақы сомасын есептеу үшін 2015 жылғы 18 тамызда және 2016 жылғы 30 қыркүйекте Астана уақытымен сағ. 11-00 жағдай бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың таңертеңгі (негізгі) сессиясында қалыптасқан ұлттық валютаның (теңгенің) АҚШ долларына орташа мөлшерленген биржалық бағамы пайдаланылады.

Осы Тәртіптің мақсаты үшін өтемақы сомасы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C_{\text{компенсация}} = \left( \frac{T_2}{T_1} - 1 \right) \times C_{\text{остаток}}$$

мұнда:

- $C_{\text{компенсация}}$  - жеке тұлғаға төленуге жататын өтемақы сомасы;
- $C_{\text{остаток}}$  - өтемақы төлемі жүзеге асырылатын депозит сомасы;
- $T_1$  - 2015 жылғы 18 тамыздағы ұлттық валютаның (теңгенің) АҚШ долларына бағамы;
- $T_2$  - 2016 жылғы 30 қыркүйектегі ұлттық валютаның (теңгенің) АҚШ долларына бағамы.

5. Жеке тұлғаның бір банкте әрқайсысы бойынша қалдығы бір миллион теңгеден аспайтын бірнеше депозиті болған жағдайда, өтемақы төлемі осы депозиттердің әрқайсысы бойынша жүргізіледі.

## 2. Өтемақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібі

6. Өтемақы алу үшін жеке тұлға 2015 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімді қоса алғанда депозитті қайта ресімдеуге бағытталған іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

7. Өтемақы алу үшін жеке тұлға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және (немесе) шартта көзделген негіздемелер бойынша жеке тұлғаның ақшасын алу туралы банктің және (немесе) үшінші тұлғалардың өкімдерін орындау шеңберінде ақшаны алу (есептен шығару), сондай-ақ мемлекеттік бағдарлама шеңберінде нысаналы төлемдерді жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда 2016 жылғы 30 қыркүйектен бұрынғы мерзімді қоса алғанда арнайы шоттағы сома қалдығын талап етпейді.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және (немесе) шартта көзделген негіздемелер бойынша жеке тұлғаның ақшасын алу туралы банктің және (немесе) үшінші тұлғаның өкімін орындау шеңберінде ақшаны есептен шығарған жағдайда, 2016 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі мерзімді қоса алғанда депозитті қайта ресімдеген күннен бастап өтемақы қайта ресімделген депозитте көрсетілген, бірақ 2015 жылғы 18 тамыздағы операциялық күннің соңындағы жағдай бойынша депозит сомасының қалдығынан аспайтын сома қалдығына төленеді.

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде нысаналы төлемдерді жүзеге асыру шеңберінде ақшаны алған (сұратып алған) жағдайда өтемақы 2015 жылғы 18 тамыздағы операциялық күннің соңындағы жағдай бойынша депозит сомасының қалдығына төленеді.

8. Жеке тұлға осы Тәртіптің 6-тармағында көрсетілген депозитті қайта ресімдеу мерзімін өткізіп алған жағдайда, өтемақы төленбейді.

9. 2016 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі мерзімді қоса алғанда қайта ресімделген депозит бойынша қалдық сомасын мұрагер сұратып алған жағдайда, депозитті қайта ресімдеген жеке тұлға қайтыс болған жағдайда мұрагерге өтемақы төленеді.

10. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің уәкілетті еншілес заңды тұлғасы және банк арасында шарт жасалады, оған сәйкес кейіннен жеке тұлғалардың арнайы шоттарына аудару үшін банкке өтемақы сомалары аударылады.

11. Банк өтемақы сомасын арнайы шотқа есепке алуға тиіс. Жеке тұлға арнайы шоттағы ақшаны 2016 жылғы 10 қазанға дейінгі мерзімді қоса алғанда, бірақ 2016 жылғы 30 қыркүйектен ерте емес арнайы шотты жаба отырып алған жағдайда, өтемақы төлеуді салымшының банктегі кез келген банк шотына оны есепке алу арқылы жүргізеді.

12. Банктер 2016 жылғы 4 қазанға дейінгі мерзімді қоса алғанда ҚААТЖ электрондық арнасы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің уәкілетті еншілес заңды тұлғасына осы Тәртіптің 2-қосымшасында көрсетілген нысан бойынша тізбені береді.

13. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің уәкілетті еншілес заңды тұлғасы осы Тәртіптің 12-тармағына сәйкес банктерден алынған мәліметтер негізінде Тәртіптің 4-тармағының талаптарын ескере отырып, оларды кейіннен банктерге аудару үшін жеке тұлғаларға төленуге тиіс өтемақы сомасын айқындайды.

14. 2016 жылғы 30 қыркүйектегі операциялық күннің соңындағы жағдай бойынша арнайы шоттары бар жеке тұлғаларға өтемақы төлеу 2016 жылғы 10 қазанға дейін қоса алғанда жүзеге асырылады.

15. Банк арнайы шоттардағы депозиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеуді төленетін өтемақыны ескермей жүзеге асырады.

Еркін өзгермелі айырбастау бағамының режиміне өтуге байланысты жеке тұлғалардың ұлттық валютада (теңгеде) ашылған депозиттері бойынша өтемақы төлеу тәртібіне  
1-қосымша

### **Өтемақы төленетін депозит бойынша соманың қалдығын анықтау үлгілері**

#### **1 мысал:**

2015 жылғы 18 тамыздағы жағдай бойынша салымшының банктік шотындағы қалдық 1 000 000 теңге болды.

2015 жылғы 19 тамызда салымшы өзінің шотына тағы 600 000 теңге салды, сөйтіп күннің соңында өзінің банктік шотындағы қалдықты 1 600 000 теңгеге ұлғайтты. Бұдан кейін шот бойынша өзгерістер орын алмады, қайта ресімделген депозитті жасау күні оның банктік шотындағы қалдық 1 600 000 теңге болды.

Бұл жағдайда өтемақы қайта ресімделген депозиттің сомасы 2015 жылғы 18 тамыздағы операциялық күннің соңындағы қалдық шегінде, яғни 1 000 000 теңге, депозитті 1 000 000 теңге сомасына қайта рәсімдеген жағдайда төленуге тиіс. Егер салымшы қайта ресімделген депозитті 1 000 000 теңгеден кем сомаға, мысалы 800 000 теңгеге жасаса, өтемақы 800 000 теңге сомаға төленуге тиіс.

#### **2 мысал:**

2015 жылғы 18 тамыздағы жағдай бойынша салымшының банктік шотындағы қалдық 1 000 000 теңге болды.

2015 жылғы 19 тамызда салымшы өзінің шотынан 400 000 теңге алды, нәтижесінде 2015 жылғы 19 тамыз күнінің соңында 600 000 теңге болды.

2015 жылғы 20 тамызда салымшы өзінің шотына 200 000 теңге салды, сөйтіп күннің соңында өзінің банктік шотындағы қалдықты 800 000 теңгеге ұлғайтты. Бұдан кейін шот бойынша өзгерістер орын алмады, қайта ресімделген депозитті жасау күні оның банктік шотындағы қалдық 800 000 теңге болды.

Осы жағдайда өтемақы қайта ресімделген депозиттің сомасы 2015 жылғы 18 тамыздағы операциялық күннің соңындағы қалдық шегінде, яғни 1 000 000 теңге, депозитті 1 000 000 теңге сомасына қайта рәсімдеген жағдайда төленуге тиіс. Егер салымшы қайта ресімделген депозитті 1 000 000 теңгеден

кем сомаға, мысалы 800 000 теңгеге жасаса, өтемақы 800 000 теңге сомаға төленуге тиіс.

**3 мысал:**

2015 жылғы 18 тамыздағы жағдай бойынша салымшының банктік шотындағы қалдық 1 000 000 теңге болды.

2015 жылғы 19 тамызда салымшы депозит шартын бұзды.

Осы жағдайда өтемақы қайта рәсімделген депозиттің сомасы 2015 жылғы 18 тамыздағы операциялық күннің соңындағы қалдық шегінде, яғни 1 000 000 теңге, депозитті 1 000 000 теңге сомасына қайта рәсімдеген жағдайда төленуге тиіс. Егер салымшы қайта рәсімделген депозитті 1 000 000 теңгеден кем сомаға, мысалы 800 000 теңгеге жасаса, өтемақы 800 000 теңге сомаға төленуге тиіс.

**4 мысал:**

2015 жылғы 18 тамыздағы жағдай бойынша салымшының банктік шотындағы қалдық 300 000 теңге болды.

2015 жылғы 26 тамызда салымшы өзінің шотына 500 000 теңге салды.

Осылайша, салымшы депозитті қайта рәсімдеу үшін банкке өтініш берді, оның шотындағы қалдық 800 000 теңге болды.

Осы жағдайда өтемақы қайта рәсімделген депозиттің сомасы 2015 жылғы 18 тамыздағы операциялық күннің соңындағы қалдық шегінде, яғни 300 000 теңге, депозитті 300 000 теңге сомасына қайта рәсімдеген жағдайда төленуге тиіс. Егер салымшы қайта рәсімделген депозитті 300 000 теңгеден кем сомаға, мысалы 200 000 теңгеге жасаса, өтемақы 200 000 теңге сомаға төленуге тиіс.

**5 мысал:**

2015 жылғы 18 тамыздағы жағдай бойынша салымшының банктік шотындағы қалдық 1 000 000 теңге болды.

Бұл жағдайда өтемақы қайта рәсімделген депозиттің сомасы 2015 жылғы 18 тамыздағы операциялық күннің соңындағы қалдық шегінде, яғни 1 000 000 теңгеге төленуге тиіс.

Салымшы депозитті тек 600 000 теңге сомасына қайта рәсімдеймін деп шешті, ал 400 000 теңге сомасын депозитте сақтаймын деп шешті. Ол үшін салымшы ішінара 600 000 теңге сомада қолма-қол ақша алды, депозитті қайта рәсімдеді де, оған 600 000 теңге қолма-қол ақша салды.

Бұл жағдайда қайта рәсімделген депозиттің сомасына, яғни 600 000 теңгеге өтемақы төленуге тиіс.

**6 мысал:**

2015 жылғы 18 тамыздағы жағдай бойынша салымшының банктік шотындағы қалдық 1 000 000 теңге болды.

2015 жылғы 26 қыркүйекте салымшы өзінің шотына 500 000 теңге салды.

2015 жылғы 30 қыркүйекте салымшы депозитті қайта ресімдеді және депозитті қайта ресімдеу кезінде депозит бойынша қалдық сома 1 500 000 теңге болды.

Бұл жағдайда өтемақы қайта ресімделген депозиттің сомасы 2015 жылғы 18 тамыздағы операциялық күннің соңындағы қалдық шегінде, яғни 1 000 000 теңгеге төленуге тиіс.

**7 мысал:**

2015 жылғы 18 тамыздағы жағдай бойынша салымшының банктік шотындағы қалдық 1 000 000 теңге болды.

2015 жылғы 30 қыркүйекте салымшы депозитті 1 000 000 теңгеге қайта ресімдеді.

Салымшы осы депозит бойынша 2016 жылғы 30 қыркүйекке дейін ақша алмады.

Бұл ретте 2016 жылғы 2 қыркүйекте салымшының шотына 100 000 теңге сомасына үшінші тұлғалардың талабы шығарылды, ол орындалды.

Бұл жағдайда өтемақы қайта ресімделген депозиттің сомасы 2015 жылғы 18 тамыздағы операциялық күннің соңындағы қалдық шегінде, яғни 1 000 000 теңгеге төленуге тиіс.

Еркін өзгермелі айырбастау бағамының режиміне өтуге байланысты жеке тұлғалардың ұлттық валютада (тенгеде) ашылған депозиттері бойынша өтемақы төлеу тәртібіне  
2-қосымша

**2016 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша қоса алғанда жеке тұлғалардың арнайы шоттарындағы салымдардың тізілімі**

р/с №	Тегі, аты, бар болса әкесінің аты	ЖСН / СТН (ЖСН болмаған жағдайда)	Депозиттік шарттың (қосымша келісімнің) №	2206, 2207, ГОНС шоттарында қайта ресімделген депозит шеңберінде банк шотының №	Өтемақы төленуге тиіс банк шотындағы қалдығы
1	2	3		5	7
	к. филиалы				
	к. филиалы бойынша жиынтығы				
	Банк бойынша жиынтығы:				